

расследованию коррупционных правонарушений. Такому органу прежде всего нужна самостоятельность с тем, что бы он мог выполнять свои функции эффективно и без какого-либо ненадлежащего влияния. Сотрудники такого органа должны быть честными, неподкупными, ответственными и обладать надлежащей квалификацией для выполнения своих задач.

В целях предупреждения, выявления и пресечения злоупотребления властью и должностными полномочиями в системе управления государством, а также наказания виновных в соответствующих противоправных поведения и устранения их последствий, целесообразно подготовить проект закона «О противодействии коррупции на высшем уровне управления государством».

В законопроекте было бы целесообразно определить требования к личности кандидата на занятия путем назначения или по выбору указанных государственных должностей и конкретные ограничения в отношении этих лиц, действующих в период их нахождения в государственной должности, так и после ее оставления, а также соответствующие меры контроля. При этом особое внимание следует уделить разработке норм, регламентирующих декларирование доходов и расходов не только лицами, занимающими государственную должность, но и членами его семьи.

Контроль за передачей в доверительные управление на время выполнения должностных функций, принадлежащих им ценных бумаг, вкладов и иного имущества, которое влечет получение дохода.

Иные меры предупреждения злоупотреблений властью и преступлений, а также противодействия криминальному лоббизму. Механизм (процедуру) проверки и отстранение от должности коррумпированных высших должностных лиц государства, решения вопроса о привлечении виновных к уголовной и иной правовой ответственности. Определенные ограничения на службу в сфере бизнеса после оставления государственной должности с учетом обладания данным лицом конфиденциальной информацией, полученной в период государственной службы.

Комплекс антикоррупционных мер, предусмотренных законом, позволит обеспечить своевременное предупреждение, выявление и разрешение, создающих угрозу злоупотреблениям властью и преступления, конфликта интересов государства и частных интересов занимающего высокую государственную должность.

Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев в своем послании народ Казахстана 28 января 2012 года выдвинул ряд конкретных предложений по пересечению коррупционных действий чиновников.

В связи с обращением Главы государства к народу в некоторых законодательных актах следует предусмотреть конкретные юридические нормы, пресекающие совершение коррупционных правонарушений, усилить ответственность государственных служащих за нарушение служебной этики и кодекса чести.

Е.Т. Алимкулов

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТАРЫ БОЙЫНША СОТ ҮКІМІН ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН МӘН-ЖАЙЛАР

Үкімді шығару алдында Қазақстан Республикасының ҚІЖК 371 бабында көрсетілген мәселелерді қарастыра отырып, сот сотталушы үшін белгілі бір құқықтық салдары бар істі қараудың нәтижелерін құрайды. Үкім өзінде істі шешумен байланысты негізгі сұрақтарды құрайды. Кенесу бөлмесінде қарастырылатын сұрақтар аумағы өте кең: жасалуына сотталушы айыпталып отырған әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме; бұл әрекет қылмыс болып табыла ма және ол нақ қандай қылмыстық заңда көзделген; сотталушының бұл әрекетті жасағаны дәлелденді ме; сотталушы бұл қылмыстың жасалуына кінәлі ме; оның жауаптылығы мен айыбын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар бар ма; сотталушы жасаған қылмысы үшін жазаға тартылуға тиіс пе; сотталушыға қандай жаза тағайындалуға тиіс, жаза тағайындамай үкім шығару үшін немесе жазада босатуға не қылмыстық жазаны өтеуді Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 72-бабында және 74-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда кейінге қалдыру туралы негіздер бар ма; бас бостандығынан айыруға сотталушы түзеу немесе тәрбие беру мекемесінің қандай түрі мен режимдегісінде жазасын өтеуге тиіс; азаматтық талап-арызды қанағаттандыруға жата ма, кімнің пайдасына және қандай мөлшерде, сондай-ақ егер азаматтық талап берілмесе, мүлктік зиян өтелуге жата ма; азаматтық талап-арызды немесе ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету үшін тыйым салынған мүлкті не істеу керек; заттай дәлелдемелерді не істеу керек; іс жүргізу шығыстары кімге, қандай мөлшерде жүктелуге тиіс; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 88-бабында көзделген жағдайларда

медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы; қылмысты жасауға әсер ететін мән-жайлардың болуы туралы; сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы; бұрынғы үкім бойынша шартты сотталудың күшін жою немесе оны сақтау туралы [1].

Көрсетіліп кеткен сұрақтарды шешу кезінде психологиялық, педагогикалық білімдерді қолдану үкімнің тиімділігін, тәрбиелік деңгейін арттырады.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша неңесу бөлмесінде сотталушының тұлғасы туралы сұрақтар, тәрбиелік және өмірлік жағдайы, қылмыс жасауға әсер еткен, себеп болған және олардың алдын алу жөніндегі мәселелер толықтай қарастырылады.

Бұл жерде үлкен мәселе ретінде жүріс тұрысының себебін дұрыс бағалау болып табылады, себебі қылмысты жасау кезінде кәмелетке толмаған өзінің әрекетін түсінбеуі немесе толықтай түсінбеуі мүмкін. Сот осы жерде ересек араңдатушылардың, дем берушінің (пособник), кәмелетке толмағанды қылмысқа итермелеген тұлғалардың болу немесе болмауын ерекше тиянақтылықпен анықтауы қажет.

Л.М. Голубева пікіріне орай кәмелетке толмағандардың істері бойынша үкім шығару, өзіне келесідей 3 сатыны құрайды:

а) Істің мән-жайын, сотталушының жеке тұлғасын, қылмыстың жасалу себептерін анықтау және бағалау.

б) құқық қолдану және әрекет квалификацияланатын заңның сараптамасы.

в) тәрбиелік және алдын алу әсері [2, 229б.].

Бұл сұрақтарды шешу нақтылы қылмыстың жасалу жағдайын, жазаның көлемі мен сипатына әсер ететін жағдайын ескере отырып қарастырылады. Құқық қолдану сатылары бір-бірімен байланысты және тәуелді.

Соттың кеңесу бөлмесіндегі белсенділігін заңшығарушы ең алдымен қылмыстың жасалуына себеп болған мән-жайларды анықтаумен байланыстырады.

Сотта зерттелген дәлелдемелер жиынтығы, қылмыс оқиғасының болуы жөнінде барлық күмәнді жоққа шығаруы қажет. Шығарылған шешімге қарама-қайшы немесе сәйкес келмейтін фактілер үкім негізінде қолданыла алмайды.

Қылмыстың оқиғасы туралы сұрақты шешпестен бұрын, сотталушыға жүктеліп отырған әрекеттің болуы туралы мәселені шеше алмаймыз. Егер де бұл сотпен анықталмаған жағдайда, кеңесу бөлмесінде шешілуге жататын сұрақтарды қарау қажеттілігі қалады, ақтаушы үкім шығарылып, бұлтартпау алынып тасталуға жатады. Қылмыс оқиғасын анықтамау, қылмыстың құрамы бар құқыққа қайшы әрекеттердің болмауын білдіреді.

Қылмыстың оқиғасы туралы шешімдер ақиқат, алынған көзден дұрыс, логикалық жүйеде құрылуы қажет және тек осы жағдайларда ғана олар шешімнің негізінде қолданылуы мүмкін. Егер сотпен жауапқа тартылған тұлғаның әрекетінде, жалпы танылған жүріс-тұрыс нормаларынан ауытқу болмағаны жөнінде шешімге келген жағдайда ол қылмыс құрамының болмауына байланысты ақтаушы үкім шығарады. Бұл жағдайда сот тек қылмыстық жауапкершілікті ғана жоққа шығарып қоймай, сонымен бірге тұлғаны тәртіптік, материалдық және қандай да болмасын жауапкершілікке тартуын жоққа шығарады.

Егер болған оқиға кәмелетке толмағанның қылмыстық әрекетінің негізінде болмаса немесе кәмелетке толмаған жасаған әрекетінде қылмыстың құрамы болмаған жағдайда, онда сот қылмыс құрамының болмауына байланысты ақтау үкімін шығарады. Бұл көрсетіліп отырған жағдайда сотталушының құқыққа қайшы әрекетін жасамаудан емес, оның әрекетінде қылмыс құрамының болмауы негізінде ақтау үкімін шығарады.

Сонымен бірге ақтау үкімі, сотталушыға айып тағылғанымен, қылмыстық заңның диспозициясында көрсетілген белгілер болғанымен, бірақ қылмыстың көлемінің аз болуына байланысты шығарылуы мүмкін. Бұл негіз сонымен бірге қылмыс абайсызда жасалған жағдайда, сәйкесінше кінә болмаған жағдайда ақталуы мүмкін. Мысалға, сотта кінәсінің болмауы анықталса немесе абайсызда жасалғаны, ал жауапкершілік тек қана қасақана жасалған қылмыстарға ғана қолданылатыны анықталса.

Сотталушының қылмыс жасауына қатыстылығы туралы мәселенің дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі талқыланған уақытта, айыптаудың негізі болған дәлелдемелердің қарама-қайшылығын және болған кемшіліктерді ескеріп, тергеудің берген шешімдерінің дәлелсіз материалдарға және тұжырымдамаларға негізделгенін және олардың сот талқылауында дәлелденбегенін көрсетеді.

Сот бұл мән-жайларды ескере отырып, кәмелетке толмағанның айыбына байланысты дәлелдемелердің жеткіліксіздігінен ақтау үкімін шығаруы мүмкін, бұл жағдайда ақтау шешімдерін негіздей отырып, айыптың негізделген дәлелдемелерін не себепті жоққа шығарылғандығы көрсетілуі тиіс.

Қылмыс құрамының болмауына байланысты актау үкімі сотталушының қылмыстық процессуалдық әрекеті жағдайда, яғни қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалғаны анықталған жағдайда шығарылады. Аталған барлық жағдайда сот дұрыс, ақиқат жан-жақты дұрыс зерттелген фактілерге негізделуі қажет.

Кінәлілік туралы тұжырым жасау – бұл үкімнің маңызды элементі, ол интуитивті немесе өз бетінше бола алмайды, ол дәлелдемелердің логикалық анализі нәтижесінде, қандайда болмасын мән-жайлардың сөзсіз және шүбәсіз дәлелденгенін көрсетуі қажет. Қарама-қайшы немесе шындыққа сәйкес келмейтін фактілер ескерусіз және түсіндірусіз қалмайды, сонымен бірге үкімнің негізінде қолданыла алмайды.

Кеңесу бөлмесінде сот, әрекетінің квалификациясы туралы шешімді құрайды. Фактілердің негізделуі олардың заңи тұрғыдан бағалануымен тығыз байланысты, себебі онсыз әрекеттің мәні ашылмайды. Бұл жерде әңгіме әрекеттің квалификациясы туралы шешімнің дұрыс негізделуі, фактілердің, қылмыстың заңи белгілеріне сәйкестігін анықтау

Сотпен қылмыстың заңи тұрғыдан бағалануын өзгертетін мәліметтерді анықтау, үкімде айыптың өзгеруіне әсер еткен себептердің негізделуін қажет етеді. Олардың үкімде көрініс табуы оның заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етеді. Әрекеттің құқықтық дұрыс бағалануы, өз көрінісін сәйкесінше заңмен саралануында табылады. Кеңесу бөлмесінде жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар туралы мәселе шешіледі. Көрсетілген мән-жайлар қылмыс құрамынан тыс болады, олардың белгілерін қоспайды. Бірақ олар тұлғаның қоғамға қауіптілігінің төмендігін немесе керісінше тұлғаның қоғамдық қауіптілігін көрсететін ерекше жағымсыз қасиеттері болуы, жазасын жеңілдетуге негіз болмайды. Белгі бір баптың санкциясының аумағында ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, жасалған әрекетіне сәйкес сот ең ауыр жазаны қолдануы мүмкін. Ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар жазаның сипаты мен көлемін анықтау үшін ғана емес, сонымен бірге оны дифференциялау және жекелендіру үшін қажет. Жауапкершілікті жеңілдететін ерекше мән-жай ретінде, кәметке толмағанның психикалық дамуында мешеулік белгілерінің болуы әсер етеді. Сот психикалық дамуындағы мешеулігінің деңгейін анықтап, өз әрекетіне есеп бере алуы туралы, өзін-өзі басқара алу қабілеті туралы мәселені шеше отырып, жаза туралы тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешеді.

Кінәсін жеңілдететін мән-жайлардың бірі ретінде сонымен бірге кәметке толмағанның теріс ықпалға қарсы тұра алалмауы бола алады. Бұл кәметке толмағандардың қылмыс жасауына әсер ететін кең тараған түрінің бірі болып табылады, әсіресе егер кәметке толмаған тұлға материалдық немесе басқа да тәуелді болуы оның жағымды бастамаларын шектейді және қандайда болмасын жағдайда әрекетті дұрыс жүзеге асыруды шектейді. Кәметке толмағанның кінәсін деңгейін бағалаған жағдайда қылмыс жасалу фактісінің қорқыту немесе жағымсыз ықпал ету нәтижесінде болғанын және кәметке толмағанның әрекетіне қаншалықты шынайы әсер еткендігі анықталуы тиіс.

Жеңілдететін тағы да бір мән-жай ретінде ауыр мән-жайлардың сәйкес келуі – ішкі жан дүниесінің қобалжуы немесе жанұя ішіндегі дау жан-жал, бұл жерде кәметке толмағанды ерекше қиын жағдайға қойып, дұрыс және қалыпты іс әрекеттерді жасау қиындай түседі. Қиын жағдайға тап болған кәметке толмағанға дұрыс шешім табу ересектерге қарағанда өте қиын болады. Сондықтан сот тәжірибесінде кәметке толмағандарға қатысты жеңілдететін мән-жайлар көлемі ұлғайтылған. Олардың қатарына: алғашқы соттылығы, өз кінәсін толықтай мойындауы, жағымды мінездемелер, бұрынғы жүріс тұрысының кіршіксіз болуы, ересек адамдардың теріс ықпалы, интеллектуалдық ерік жігерінің және психикалық даму дәрежесінің артта қалуы. Бұндай сот тәжірибесі дұрыс деп есептеледі, себебі кәметке толмағандарға қатысты қосымша мән-жайларды ескеру өте қажет.

Сонымен бірге жеңілдететін мән-жайлар ретінде тұлғаның ерік-жігерінің қалыптасуындағы қолайсыз жағдайларды ескеруіміз қажет, жанұя ішіндегі қолайсыз жағдай, ата-анасының теріс ықпалы – алкогольдік ішімдікке салынуы, олардың қылмыс жасауы, осыған сәйкес кәметке толмаған өмір тәжірибесінің төмендігіне байланысты теріс ықпалға түседі.

Үкім шығару кезінде ерекше маңызды мәселе ретінде қылмыс жасау кезінде басқа тұлғалардың әсерінің болғаны туралы сұрақ қарастырылуы тиіс – бұрын сотталған ересек адамның болуы. Ересек адамдармен немесе өзінен үлкен кәметке толмағанмен жасалған арандату, қандай нысанда жасалғанына қарамастан, кейбір жағдайларда жауапкершілікті жеңілдететін мән-жай ретінде ескерілуі тиіс. Арандатушы кәметке толмағанға тікелей әсер етеді, қылмысқа қатысуға итермелейді, ниеті мен мақсатының қалыптасуын тездетеді және қылмысты тез жүзеге асыруға ықпал етеді.

Кәметке толмағанды қылмысқа және қандай да болмасын қоғамға қауіпті әрекетті жасауға ықпал еткен ересек адамның әрекетіндегі жоғарғы қоғамға қауіптілігін ескеріп, сот ересек адамның

атқарған ролін және кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға итермелеген психикалық әсер ету, қорқыту немесе алдау, спирттік ішімдіктерді ішкізу, қызғаныштық, көре алмаушылық сезімін тудыру әдістерін ескере отырып бағалау қажет.

Кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға ықпал еткен ересек адамның әрекеті кәмелетке толмаған істеген қылмыс ретінде және оны қылмыстық әрекетті жасауға ықпал ету үшін жауапкершілігі бар баптармен саралануы қажет. Міндетті түрде кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға немесе басқа да қоғамға қауіпті әрекетті жасауға ықпал етудің әдісі мен нысаны, кәмелетке толмағанға теріс ықпалының деңгейі анықталады. Ересек адамның және кәмелетке толмағанның жасы, сонымен бірге пайда болған теріс зардаптың сипаты ескеріледі. Ерекше жағдайда кәмелетке толмағанмен спирттік ішімдіктерді, нашакорлық зарттарды сатып алу және пайдалану мән-жайлары бағалануы қажет.

Осылайша қылмыстық жауапкершілікті жеңілдететін мән-жай ретінде, жасалған қылмысының қоғамға қауіптілігінің төменгі дәрежесі, тұлғаның қоғамға қауіптілігінің болмауы, қылмысты алғашқы рет жасауы, шын жүректен өкінуі, өз кінәсін мойындап келуі, зардаптың салдарын алдын-алу, қылмыстың ашылуына белсенді түрде көмектесу.

Сотпен кеңесу бөлмесінде ауырлататын мән-жайларды ескеру, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін анықтау үшін маңызды. Заңда қылмыстың қоғамға қауіптілігін сипаттайтын мән-жайлардың толық тізімі көрсетілмеген, ауырлататын мән-жайлар көбінесе қылмыстық кодекстің баптарынан шығады. Олардың қатарына: қылмыстың қайталануы, қылмысты ұйымдасқан топпен істеуі, пайдакүнемдік және басқа да опасыз ниетпен жасау (аш көздік, кек алу және т.б.).

Кінәні ауырлататын мән-жай ретінде қылмысты қоғамға қауіпті әдіспен жасауы, бұл жерде қауіп тікелей объектіге ғана емес, сонымен бірге басқа да тұлғаларға қауіп төнуі, жәбірленушінің өтінішіне қарамастан қылмысты сабырлықпен аяғына дейін жеткізу, жәбірлеу, қатаңдық, кінәсіз адамға жала жабу.

Қылмысты алкогольдік мастануы және нашакорлықтың әсерінде жасауды ауырлататын мән-жай ретінде тану фактісі негізделген болуы қажет.

Ауырлататын мән-жайлар тізімі нақты болып табылады және тікелей заңда көрсетілгендерден басқа мән-жайларды тани алмайды. Бірақ кейбір процессуалист ғалымдардың пікірі бойынша, сот жаза тағайындаған жағдайда тікелей заңда көрсетілмегенімен, сотталушының теріс мінездемелерін ескеруі қажет дейді. Мысалға, кәмелетке толмағанның жоғарғы деңгейде азғындауы, спирттік ішімдіктерді, нашакорлық заттарды шектен тыс пайдалану, қоғамдық тәртіпті жүйелі түрде бұзуы және т.б. Сонымен бірге үкім шығару кезінде заңда тікелей көрсетілмеген, бірақ сонымен бірге құқықтық маңызы бар мән-жайларды талқылау қажет. Шешімнің сипаты мен мазмұнына әсер ететін факторлар соттың ескеруінсіз қалмауы қажет. Олардың маңыздылығын ескермеу, соттың қателіктеріне алып келуі мүмкін. Кейбір мән-жайлар қылмыстың және тұлғаның қауіптілігін төмендетсе, басқалары керісінше жоғарылатады. Кәмелетке толмағандардың көптеген қылмыстары бойынша қылмыс құрамының белгілерін ашып қана қоймай, сонымен бірге оның пайда болу себептерін ескеру қажет. Сондықтан жауапкершіліктің мазмұны мен көлеміне әсер ететін мән-жайларды талқылау маңызды. Мысалға, сотталушының куәлармен жек көрінішті қарым-қатынастың болуы, кінәсін шын жүректен мойындауы, зиянның орнын өз еркімен толтыру, бақылаусыздық, кәмелетке толмағанға қатысты бұрын тәрбиелік шараларды қолдануы.

Маңыздылығы жағынан тұлғаның психологиялық және әлеуметтік қасиеттерін, толық емес жанұя, қаражаттың тапшылығы, ата-аналарының білім деңгейінің төмендігі сияқты фактілер, жанұяның тәрбиелік мүмкіндіктерін төмендетеді.

Қазақстан Республикасының ҚДЖК 117 бабына сәйкес әр қылмыстық іс бойынша дәлелдеу затына, жауапкершілігіне, сипаты мен дәрежесіне әсер ететін мән-жайлар кіреді. Өздігінен олардың әрқайсысының маңызы жоқ және дәлелдеменің маңыздылығын көрсете алмайды, олар тек бір жиынтық ретінде ғана дәлелдемелік маңызы болады.

Кәмелетке толмағанға берілген теріс мінездемелерге қарамастан, сот оны айып тағылып отырған қылмыс бойынша дәлелдеусіз соттай алмайды. Көрсетілген мән-жайлар жауапкершіліктің деңгейіне әсер етеді, себебі кәмелетке толмағанның қылмыс жасауындағы ролін анықтап, оның қоғамға қауіптілік деңгейін көрсетеді.

Әрине осы жерде ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың кәмелетке толмағанды тәрбиелеуге байланысты өз міндеттерін орындамауы, өмірдегі қоршаған ортасы, мектептегі, үйдегі жүріс-тұрысы, жасаған құқық бұзышылықтары және осыған байланысты қолданылған тәрбиелік шаралары, өз еркінен тыс қылмысты жасауы сияқты мән-жайлар ескерілуі қажет. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары бойынша қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстар үшін негізсіз бас бостандығынан айыру сияқты жаза қолданылмауы қажет, егер кәмелетке толмағанның дұрысталуы және түзелуіне қоғамнан бөлмей – ақ жүзеге асырылатын болса.

Сондықтан кеңесу бөлмесінде сот міндетті түрде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жауапкершілікті таңдау жөнінде сұрақты талқылауы қажет. Егер сотталушының қылмыстағы ролінің маңыздылығы төмен болып және тұлғаны сипаттайтын мәліметтер мен қылмысты жасау мән жайы, кәмелетке толмағанды қоғамнан оқшаулауды қажет етпейді деп тапса, сот шартты түрде соттауы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда жасаған әрекеттің ауырлығы, пайда болған зардап және түзелу мүмкіндігі ескеріледі. Әр жеке жағдайда сот шартты түрде сотталғандардың түзелуіне қоғамды тарту туралы сұрақты шешу қажет [3, 376.].

Жұмыс істейтін кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстарымен байланысты жазалау шарасын қолданған кезде, сот сотталушының материалдық жағдайын мұқият бағалауы қажет, себебі бұл жағдайдалардың нашарлауы кәмелетке толмағанның түзелуіне теріс әсер етуі мүмкін. Сот мүмкіндігінше сотталушының әрекетіне белгілі бір тұлғаның, оның ата-аналарының бақылауды жүргізу туралы мәселені қарастырып кетуі қажет

Тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану – бұл қоғамдық ықпал ету арқылы қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданылуын жүзеге асырудың ерекше бір түрі. Жасаған әрекетінің ауырлығына және сотталушының жеке тұлғасын ескере отырып сот мәжбүрлі тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану туралы сұрақты қарайды. Мәжбүрлі тәрбиелік ықпал етудің мақсаттары болып кәмелетке толмағанды сендіру арқылы түзеу, сонымен бірге сотталушыға белгілі бір міндеттер жүктеледі. Мұндай жағдайларда істі тоқтату оны ақтауды білдірмейді, қайта керісінше сот оны кінәлі деп тауып, айыптау үкімін шығарып, кәмелетке толмағанды тек жазадан босатады.

Бұл жерде жаза элементтері барынша жоққа шығарылған. Бұл шара көпшілік алдында ұялтумен ұқсас. Олардың ерекшелігі, тек бір реттік сипатта болуы – сөгіс түрінде (жәбірленушіден кешірім сұрау) немесе салыстырмалы түрде ұзақ және жүйелі әсер ету – қадағалауға беру. Яғни жазаның тәрбиелік элементтерінің басым болады[4].

Қоғамдық өмірдің негізгі бастамаларының диалектикалық бірлігі және оның барлық тәрбиелік жүйесінің мақсаты, кәмелетке толмағанға қатысты түзелуге және жаңадан қылмыс жасаудан сақтандыруға жол ашатын, оқуын жалғастыруға, мамандық алуға мүмкіндік беретін әсер ететін шаралар қолдану, яғни ықпал ету шаралары оның өмірлік қызығушылықтарын жүзеге асыруға шектеу болмай, қайта тығыз байланыста болуы қажет.

Кәмелетке толмағанды жазалауды белгілеместен соттау, яғни мәжбүрлі тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану, тек қылмыс жасаған тұлғаға қатысты ғана қолдануы мүмкін. Мәжбүрлі тәрбиелік ықпал ету шараларын кәмелетке қатысты қолдану жауапкершіліктің жеке бір түрі және қылмыстық, әкімшілік жазалардан өзгеше. Бұл шаралар кәмелетке толмағанды тәрбиелеудің бір әдісі, ол бірақ өзіне сендіруді және мәжбүрлеуді қосады.

Қылмыстық жазаны мәжбүрлі тәрбиелеу сипатындағы шараларға ауыстыру ауыр және кәмелетке толмағандардың арасында кең тараған қылмыстарға, қылмыстық-құқықтық жазалаудың әлсіретуіне алып келмеуі қажет.

Бұл жерде әнгіме қылмыстық жазалау шаралары және мәжбүрлі тәрбиелеу сипатындағы шараларды қолдану кәмелетке толмағанмен қоғамға қарсы теріс қылықтың емес, қылмыстың жасалғанын білдіреді, бірақ қоғамға қауіптілік деңгейі өте төмен. Бұл әсер ету шарасында тәрбиелеу жазаның мақсаттарының бірі болмайды, бұл жерде жазаның өзінің бөлінбес объективтік белгісі және оның басқа барлық белгілермен диалектикалық бірлікте болады. Жазаның мазмұнында тәрбиелік элементтердің дамуы кәмелетке толмаған қылмыскерге алдын-алу тәрбиелік ықпал етуді жүргізудің шешуші алғышарты болады.

Ақтау үкімін шығару кезінде судья тергеу, прокуратура, сот органдарының заңсыз іс-әрекетімен ақталушыға келтірілген зиянды өтеу туралы мәселені шешу туралы шешім қдбылдайды. Кәмелетке толмаған сотталушы бірнеше қылмыс жасағаны үшін айыпталған кезде сот әрбір қылмыс бойынша жеке жеке ҚР ҚІЖК- 371 бабының 1 бөлігінің 1-7 тармақтарында көрсетілген мәселелерді шешеді егер қылмыстың жасалуына кәмелетке толмаған бірнеше сотталушы айыпталса, сот оның жасалған әрекеттегі ролі мен дәрежесін айқындай отырып, әрбір кәмелетке толмаған сотталушыға қатысты ҚР ҚІЖК- 371 бабының 1 бөлігінде аталған негізгі мәселелерді шешіп, мынадай қосымша мәселелерді шешуге көшеді:

- 1) кәмелетке толмаған сотталушының, ал қажетті болған жағдайда жәбірленушінің ата-анасыз қалған, кәмелетке толмаған балаларын жайғастыру туралы;
- 2) кәмелетке толмаған сотталушының мүлкін, қажет болған жағдайда жәбірленушінің мүлкін қорғау туралы;
- 3) жеке қаулы шығару қажеттігі туралы.

Алдын ала тергеу немесе сот талқылау кезінде кәмелетке толмаған сотталушыны есі дұрыстығы туралы мәселе туындаған жағдайларда сот үкім шығару кезінде бұл мәселені тағы да бір рет талқылауға міндетті.

Кәмелетке толмаған сотталушыны әрекет жасаған уақытта есі кіресілі-шығасылы күйде болған немесе қылмыс жасағаннан кейін оның өз әрекетінің (әрекетсіздігін) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оларды игеру мүмкіндігінен айыратын психикалық науқас пен ауырған деп таныған сот, қылмыстық істі тоқтатуға және егер қорғаушы іске айып тағылған сәттен бастап қатысса және іс құрамында үш судья бар сотта қаралса, кәмелетке толмаған сотталушыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы [5].

Кәмелетке толмағанға үкім шығару кезінде сот ҚР ҚДЖК-нің 371 бабында аталған мәселелермен бірге бас бостандығын айруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза тағайындау туралы, сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексында көзделген жағдайларда жазадан босату туралы мәселені талқылауға міндетті.

Бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза шараларын қолдану, кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие беру немесе емдеу тәрбие беру мекемесіне орналастыру, не тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану жағдайларында сот бұл туралы мамандырылған мемлекеттік органға хабарлайды және оған сотталушының мінез құлқына бақылау жасауды жүзеге асыруды жүктейді.

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2007. – 200 б.

2 Голубева Л.М. Судебное рассмотрение дел о преступлениях несовершеннолетних. Вопросы теории и практики. – Фрунзе: Илим, 1981. – 330 с.

3 Давыдов П.М. Приговор // Предварительное расследование и судебное разбирательство уголовных дел. – Свердловск, 1990. – С. 37.

4 Ткачев В. Восстановительное правосудие и ювенальное уголовное право // Российская юстиция. – 2002. – № 5. – С. 19-23.

5 Дудин Н.П., Луговцева С.А. Судебное разбирательство уголовных дел в отношении несовершеннолетних. – СПб., 2005. – 172 с.

In this article the author examines some problems associated with the peculiarities of the judicial decision in cases involving minors.

В данной статье автор рассматривает некоторые проблемы связанные с особенностями судебного приговора по делам о преступлениях несовершеннолетних.

Н.С. Темірболат

КРИМИНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДА ҰҒЫМДЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Криминалистика ғылымында ұғымдық терминологияның қолдануы жөнінде айта кетсек. Құқықтық ұғымдардың нақты, анық түсініктемелері болмаса, терминдердің тұрақты, түсінікті анықтамасы болмайды, ал бұл өз кезегінде құқықтық норманы жүзеге асыруды және ұғымдарды дұрыс қолдануға мүмкін болмайды. Әр түрлі ұғымды әртүрлі түсініп, әртүрлі терминдермен белгілейміз. Бұл сотөндірісі барысында көптеген қиыншылықтарға әкеледі. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың дамуы, прогресс жаңа ұғымдардың пайда болуына әкеліп, оларды қылмыстық процесте дұрыс әрі нақты қолдануын талап етеді.

Құқық нормаларын дұрыс және бір жақты, бір қалыпты қолдануда заң терминологиясының бірегілік принципі қажет. Заңшығарушы тарапынан және оны қолданатын субъектілер құқық нормаларын анық түрде оның түсініктемесін беріп сотөндірісінде пайдалану міндеті жүктелінген. Қылмыстық сотөндірісінде ұштасып жатқан қылмыстық құқық циклінің ғылым салалары бір-бірімен ұғымдық, терминологиялық жағынан тығыз байланысып жатыр [1, 29б.]. Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминалистика, қылмыстық атқарушы құқығы тарихи, генетикалық, бір мақсаттылық, қағидалылық жағынан бірлесіп жатқан ғылым салалары. Бұл байланыс көпдеңгейлі сипатта болып, сала аралық, институттар, ұғымдар, категориялар, терминдер деңгейінде жүзеге асырылады. Егер де әр ғылым саласы өзіндік ұғымдар мен терминологияны ойластырып өз тілінде пайдаланатын болса, мемлекеттік стратегиялық міндетті, яғни қылмыстылықпен күресті жүзеге асыра алмас еді.

Сала аралық құқықтардың заңдарында жалпы ортақ ұғымдық аппараты болуы қажет. Қылмыстық цикліндегі салалардың салааралық ұғымдардың қатарына «қылмыс, қылмыстың құрамы, жәбірленуші, қылмыстық жауапкершіліктен босату, жаза» сияқты және т.б. көптеген ұғымдар